

## **Индустриялы-инновациялық технология және ауыл шаруашылығының даму мәселелері (Қарағанды облысының агроөнеркәсіп кешені негізінде)**

Хамзина Г.М.

*Қарағанды «Болашақ» университеті*

В статье рассматриваются проблемы внедрения инновационных технологий в агропромышленном комплексе. Автор на примере предприятий районов Карагандинской области приводит данные сельского хозяйства, указывая на его тесную связь с экономикой республики в целом. Один из путей решения проблемы автор видит в привлечении иностранных инвестиций для крупных проектов аграрного сектора. В статье проанализированы процессы развития экономики страны, а также рассмотрены вопросы и проблемы, которые призваны поднять на новый уровень агропромышленный сектор экономики. Предлагается анализ научных трудов и специальных программ, которые помогут всестороннему изучению проблем сельского хозяйства. Раскрываются проблемы представителей агропромышленного комплекса, связанные с горюче-смазочными материалами и минеральными ресурсами. Предложены рекомендации для решения всех этих вопросов.

There are in the article considered problems of introduction of innovative technologies in the agro-industrial complex. The author on the example of the enterprises of various areas of the Karaganda region acquaints with the data about an agriculture condition, ascertaining thus its close connection with the economy of republic as a whole. The author sees one of ways of the decision of a problem in attraction of foreign investments for large projects of agrarian sector. Also there are in the article analysed developments of a national economy, and also questions and problems which could to lift agroindustrial sector of economy on a new level. The analysis of proceedings and special programs is offered in the article which will help all-round studying of problems of the agriculture. Problems of representatives of the agriculture, connected with combustive-lubricating materials and mineral resources are revealed. The author of clause offers recommendations for the decision of all these questions.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс ұғымы индустриялы-инновациялық дамудан туындайды десек, соңғы жылдары шыққан зерттеулер аграрлық салаға қажетті озық технологияны көрсетеді және нақты іс пен ғылымның байланысы қажеттілігін айғақтайды. Бұл ойымызға А.А.Ақулов, А.С.Гаврилович [1], И.П.Буздалов, Б.И.Пошкус [2] сияқты авторлардың еңбектері дәлел. Сондай-ақ астықты аймаққа жататын Ресейде соңғы кезде жарияланған екі монографияны атау қажет. Олардың бірі нарық жағдайындағы аграрлық сала проблемаларына [3], екіншісі шыдамды астық түрін [4] дамытуға арналған.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына 2011 жылғы Жолдауында агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің алдына нақты міндет қойған-ды, яғни 2014 жылы ауыл шаруашылығы саласында өнімділікті екі есеге арттыру және етті мал шаруашылығын дамыту басты мақсатқа жатқызылды.

Ел экономикасын қарқынды дамыту үдерісінен агроөнеркәсіп кешенін бөліп алып қарауға болмайды. Осы орайда бірнеше жайтты айтқан абзал:

1. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары КСРО-ның тарап, экономиканың бір орталықтан басқарылатын жүйесі тоқтағаннан кейін экономикалық байланыстардың үзілуі нәтижесінде бұрынғы посткеңестік елдердің бәрінде де экономикалық дағдарыс дүниеге келді. Бір нәрсені есте ұстаған абзал: ол — ауыл шаруашылығы саласының кеңес дәуірі тұсында да мемлекеттен дотация (қаржылай жәрдем) алып дамығаны.

2. Қазақстанда сол тұста ең басты міндет тұралап, тоқтап қалған өнеркәсіп, өндіріс саласына жан бітіру болды да, ауыл шаруашылығы саласына бәлендей назар аударылмады.

3. Жекешелендіру үдерісі жаппай әрі жедел жүргізіліп, кеңшарлар мен ұжымшарлар жаппай таратылды. Жергілікті жерде жекешелендірудің экономикалық, ғылыми механизмі толық ойластырылмағандықтан, бұл мәселе бәлендей оң нәтижеге қол жеткізуге алғышарттар жасай алмады. Осындай келеңсіздіктің арқасында шаруа қожалықтары өз өнімдерін өткізудің тиімді тетіктерін таба алмағандықтан, ауыл шаруашылығындағы шағын және орта бизнес, түрлі кәсіпкерлік, жауапкершілігі шектеулі серіктестері т.б. құрылмағандықтан, тығырыққа тірелді. Ақша-тауар (өнім)

қостағаны жүйеге айналмағандықтан, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші тауарын қала базарына тасыды, арзан бағаға өткізіп, өз қажеттіліктерін өтеуге тырысты.

Осы шағын талдаудың өзінен-ақ көптеген кемістіктерді байқауға болады: біріншіден, әлемнің аса күшті дамыған елдерінде шағын және орта бизнестің экономика бойынша алатын үлес салмағы алпыс пайызға ие болса, елімізде ол өте төмен деңгейде болды. Кәсіпкерлік банктерден несие алу арқылы ғана өркендей алады, ал банк жүйесін реттеп, үйлестірудің тиісті тетіктері жасалмады; екіншіден, мейлінше аз шығынмен мол өнім өндіріп, кіріс енгізуге әлем бойынша мойындалып, қалыптасқан ғылыми бағдарлама, жоспар, жобалар атқарушы органдар тарапынан қолдау болмағандықтан, жасалып, жүзеге асырылмады.

Бұл жайттардың орын алуы тек Қазақстанға ғана тән емес, кешегі Одақтас республикалардың бәріне ортақ проблема еді. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту республика экономикасының дамуымен тығыз байланысты болғандықтан, басқа салалардың, әсіресе мұнай, газ секторындағы оң нәтижелердің арқасында ауыл шаруашылығы саласының өркендей бастауы тек соңғы жылдары ғана байқала бастады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған, атқарушы билік органдарының алдына қойған міндеттеріне жататындар:

1. Ауыл шаруашылығы саласын тиімді дамыту үшін кешенді міндеттерді қамтитын арнайы бағдарлама жасау; ал, оның басымдылық тарапына жататындар: а) саланы дамытуға мемлекеттік және жергілікті бюджет есебінен қаржы бөлу; ә) шағын және орта бизнесті саланы көтеруге жұмылдырып, үлес салмағын ұлғайту.

2. Саланы, әлем тәжірибесіне сүйене отырып, индустриялы-инновациялық тәсіл бойынша дамыту.

3. Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған ғылыми еңбек, ұсыныс, тұжырымдарды пайдалану, яғни ғылым мен саланың өзара байланысын жолға қою. Республика өңірлеріндегі ауыл шаруашылығы саласының дамуы жердің құнарлығы, климаттың ерекшелігі, жайылымдық аймақтардың жағдайы т.б. сияқты жайттармен тығыз байланысты.

Орталық Қазақстан өңіріне жататын Қарағанды облысын алайық. Бұл облыстың барлық территориясында егін шаруашылығына басымдық береміз деу еш қисынға келмейді. Ұлытау ауданына қарайтын қазіргі Егінді, Терісаққан ауылдық округтерінің жерінде астық өндіруге топырақ құнарлылығы мол мүмкіндіктер береді. Ал, сол аудандағы Амангелді, Сарысу, Жетіқоңыр, Сарыкеңгір, Сәтбаев, Қаракеңгір, Байқоңыр т.б. ауылдық округтар жерінде егін егу мүлде тиімсіз. Сондай-ақ Жанаарқа ауданындағы біраз территориядан астық алу тиімді болса да, жаппай егін етудің шығынға батыратыны және аян. Ал, біраз жері шөлейт және жартылай шөлейтке жататын Шет, әсіресе Ақтоғай ауданының (Еңбек, Ақши ауылдық округтарынан басқа) жерінде егін шаруашылығымен айналысу еш тиімділік әкелмейді. Жыл сайынғы қол жеткен нәтижелерге ғылыми сараптама жасасақ, облыс аудандарының агроөнеркәсіп саласын дамыту үшін басымдылық сипатқа ие мүмкіндіктерін көруге болады: Абай ауданы, негізінен, картоп, көкөніс өндіруге бейімделген. Бұқаржырау, Осакаров, Нұра аудандары, негізінен, астық шаруашылығын дамытуға негізделген.

Қарқаралы, Жанаарқа, Шет, Ақтоғай, Ұлытау аудандарында аз көлемде болса да, жоғарыдағы салалар бойынша жұмыстар жүргізілгенімен, негізінен, мал шаруашылығы басым бағытқа ие екендігін көруге болады. Нақты деректерге ғылыми талдау жасау тұрғысынан назар аударсақ, былтырғы 2011 жылдың тоғыз айы ішіндегі нәтижелерге көз жеткіземіз. Қарағанды облысы бойынша 734 мың т астық жиналып, рекордтық көрсеткішке қол жетті. Орташа есеппен алғанда Бұқаржырау ауданы әр гектардан 12,1 ц, Осакаров, Нұра аудандары 12,0 және 11,1 ц астық жинаған.

Осы тұста бір-екі мәселені ғылыми саралаудан өткізудің барысымен таныстырсақ, жоғарыдағы аудандарға жататын «Шахтер» ЖШС әр гектардан — 18,1 ц, «Пржевальское» ЖШС 25,0 мың гектар жерден 34,9 мың т астық жинаған. Ал, «Қарағанды өсімдік шаруашылығы және селекция ғылыми-зерттеу институты» ЖШС әр гектардан 19,0 ц астық алып, ең жоғарғы көрсеткішке ие болған.

Аталмыш деректерден екі жайтты аңғаруға болады: біріншіден, ең басты салаға жататын астық шаруашылығында ЖШС жүйесінің жақсы табысқа жетуі көп нәрсені аңғартады; екіншіден, бұл саладағы осынау жетістіктерді құптай отырып, төмендегі ой-пікірімізді ортаға салғымыз келеді. Астық өндіру көп қаржылық шығынды талап етеді. Түпкі нәтиже шыққан шығынды қайтарып алумен ғана тәмамдалмай, кіріс кіргізумен өлшенбек. Астық өндіру сияқты күрделі саламен айналысу жеке, яғни, бір ғана кәсіпкердің қолынан келмейді. Оған түрлі қоғамдастық, серіктестік, кооператив сияқты біріге іс-әрекет жасайтын қуатты құрылымдар қажет. Тек сонда ғана экономикалық тиімділікке қол

жеткізуге болады. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік пе, әлде басқаша құрылым ба, оны агроөнеркәсіп кешенімен айналысатын (мысалы, мал шаруашылығы) басқа да салаларға енгізуді ойластырған абзал. Үшіншіден, әр гектардан 19,0 ц астық жинаған ЖШС жұмысын алсақ, неліктен ол рекордтық көрсеткішке қол жеткізді деген сауал туындайды. Жүргізген зерттеуіміз бойынша көзіміздің жеткені мынау: аталмыш серіктестікте бүкіл жұмыс ғылым мен шаруашылықтың тығыз байланысынан туындаған, яғни ғылыми тұрғыдан қалыптасқан ең озық деген тәжірибе басшылыққа алынған. Соның нәтижесінде бәлендей көп емес территориядан аз ғана шығынмен мол өнім жинауға мүмкіндік туған. Жүзеге асырылған шараларға жерді агротехникалық баптаудан өткізу, ылғал сақтау мәселесі, тыңайтқышты ұтымды пайдалану, егілетін тұқымдық бидайдың қалпын ескеру т.б. жатқан екен. Және ең тиімдісі, бүкіл науқандық жұмысқа кеткен шығынды аталмыш серіктестік толығымен қайтарып алумен бірге, мол кіріске ие болған.

Осы айтылғандардың өзінен-ақ бір ғана ЖШС жұмысындағы озық тәжірибені тек астық шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарға ғана емес, агроөнеркәсіп кешенінің басқа салаларына да ғылыми тұрғыдан негіздеп, таратқан дұрыс екенін пайымдауға болады. Егер бұл шара өз мәнінде жүзеге асса, астық өндірісімен айналысатын серіктестіктер жауын-шашынға тәуелді болып қалмас еді, ең қуаңшылық болған жылдың өзінде де орташа көрсеткішке қол жеткізген болар еді. Өндірілген астық өнімін өңдеу, яғни ұн тарту, 19,5 мың т жеткен. Ұн тартуды «Ақнар» ЖШС, «Дарад» ЖШС, «Самұрық» ЖШС, «Дамир АА» ЖШС жүзеге асырған.

Агроөнеркәсіп саласын өркендету оны техникалық жағынан жарактау болып табылады. 2011 жылы Қарағанды облысы бойынша лизингтік негізде құны 693 млн теңге болатын түрлі техникалар сатылып алынып, ауылдарға, атап айтқанда, Абай, Осакаров аудандарына берілген. Бұл аудандар астықпен ғана емес, картоп, көкөніс өсіріп, сатумен де айналысады. Бір ғана Абай ауданындағы «Астра Агро» ЖШС картоп жинауда әр гектардан — 359; «Шанс» ШҚ — 233; «Поливное» ШҚ 312 ц алу көрсеткішіне қол жеткізген. Жалпы, облыс бойынша былтырғы 2011 жылы картоп егу 809 гектарға, көкөніс 312 гектарға, майлы дақылдар 1656 гектарға ұлғайтылған. Сондай-ақ тұқым шаруашылығына облыстық бюджеттен 206 178,0 мың теңге қаржы бөлініп, ол ақша дәнді-дақылдар мен картоп және көп жылдық шөптің тұқымын арзандатуға бөлінген. Ал, республикалық бюджеттен бөлінген 64,0 млн теңге 2277 т дәнді-дақыл элиталық тұқымын сатуға жұмсалған.

Жалпы, агроөнеркәсіп кешенінде еңбектеніп жүргендер үшін шешуі қиын проблемалар жанар-жағармай және минералды тыңайтқыштар. Осы мәселені жеңілдету үшін науқандық жұмыс кезінде 199 417,0 мың теңге бөлінуі атқарушы органдар тарапынан жүзеге асқан пәрменді шара деп қолдауымыз керек.

Соңғы 2 жыл және 2011 жылдың 9 айында ауыл шаруашылығы дамуының оң тенденциялары байқалды. Ауыл шаруашылығының жиынтық өнім көлемінің орташа жылдық дамуының қарқыны 110,4 % құрады, мұндағы ең жоғарғы (17 %) өсім 2009 жылға келеді. Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерінің дамуының орташа жылдық қарқыны сәйкесінше 115,7 % және 103,7 % құрады. Ауыл шаруашылығының жиынтық өнімі көлемінің өсімі дәнді дақылдардың жалпы түсімінің жоғары болуы есебінен жүзеге асты. 2011 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі көлемінің өсімі 103,7 % болды (өсімдік шаруашылығы — 102,8 %, мал шаруашылығы — 104,9 %).

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі көлемі құрылымында өзгерістер, яғни, өсімдік шаруашылығы үлесінің 2009 жылғы 61 %-ден 2010 жылы 58,4 % құлдырауы және мал шаруашылығы өнімі үлесінің сәйкесінше 39 %-дан 41,6 %-ға жоғарлауы байқалады.

1 - кесте

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі ағымдағы бағалармен (млн теңге)

	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	%		
				2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
Ауыл шаруашылығы	533639	557390	459190	117,3	103,4	103,7
Өсімдік шаруашылығы	325770	325283	274493	128,5	102,9	102,8
Мал шаруашылығы	207869	232107	184697	103,2	104,2	104,9

Республикада негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының егістік көлемі жыл сайын айтарлықтай кемуде. Айталық, 1993 жылы бұл көрсеткіш барлық санаттағы шаруашылықтар бойынша

35182,1 мың гектар болса, 2006 жылы — 21843,7, ал 2009 жылы 16195,3 мың гектарды құраса, 2010 жылы 16785,2 мың гектар болған, яғни 2006 жылы 1993 жылмен салыстырғанда 46 % болса, 2007 жылы бүкіл егіс көлемі 2006 жылғы көлемнің 103,6 % болып отыр.

Әлемдік экономикалық хал-ахуалына үңілген адам соңғы жылдары дүние жүзіндегі көптеген елдер тарапынан туындап отырған азық-түлікке деген өткір сұранысты байқайды. Халықтың күнделікті тұтынатын азық-түлік өнімдеріне деген сұраныс Қазақстанда өткір қойылып отырған жоқ. Елдің бұл орайдағы экономикалық әлеуеті аса қуатты. Алайда нарықтық заманда өмір сүріп жатқандықтан, оның негізгі ереже, заңдылығынан тыс тұра алмайтынымыз және мәлім. Азық-түлік өнімдерінің бағасы қымбаттауын нарық тәртібі деп бағалағанымыз орынды. Жалпы алғанда, нарықтық жүйеге көшкен елдер экономикасында орын алған бірнеше қадау-қадау мәселелер бар, тек солар ғана әлемдік тәжірибеде өміршең болып саналады.

2011 жылы дәнді-дақылдық егістік көлемі Қарағанды облысы бойынша 622,3 мың га құрады, ол жерден 503,4 мың т бидай жиналды. Орташа облыстық астық өнімділігі гектарынан 8,1 ц болды.

Алайда аудандар арасында да, ауыл шаруашылық құрылымдарының арасында да астық өнімділігінің үлкен айырмашылығы әлі де байқалады. Мысалы, Нұра ауданының ауыл шаруашылық құрылымында орташа астық өнімділігі 11,5 ц/га болса, «Шахтер» ӨК ол 6,3 ц/га, «Алтын дән» ӨК — 6,5 ц/га, ал «Алатау» ӨК — 2,7 ц/га, өндірістік кооперативі «Еңбекші» ӨК — 2,8 ц/га, «Қаппаров және К» ЖШС — 3,8 ц/га.

2 - к е с т е

#### Қарағанды облысы бойынша астық өндірісі

	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.
Жинау көлемі, барлығы	889,5	992,7	1164,7	1203,2
Оның ішінде астық дақылдары	495,7	622,0	722,4	778,1
Картоп, га	9568	9200	9567	9849,2
Көкөніс, га	2903	2600	3142	3152
Майлы дақылдар, га	200	75	365	330
Көпжылдық шөп өткен жылдық	326,6	326,6	326,3	261,1
Көпжылдық шөп	2,1	0,8	0,2	0,7
Біржылдық шөп	2,6	3,9	5,2	
Сүрі	49,8	27,5	97,6	150

1. Елдегі ең қажетті деген азық-түлік бағасының шарықтауына жол бермеу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін қалыптасқан тәсіл бар, ол — бәсекелестікке кеңінен жол ашу, яғни өнімнің зәру тауарға айналмауы үшін пәрменді шаралар қолдану. Өндірілген өнімнің мол болуымен қатар, оның сапа қасиетіне де айрықша назар аударған жөн. Бұл орайда біздің тарапымыздан жүргізілген зерттеулерге ден қойсақ, Қарағанды облысы бойынша былтырғы жылы өндірілген агроөнеркәсіп кешенінің өнімдеріне деген сұраныс жоғары және олар жеткілікті дәрежеде өндірілген. Ал, сапасына келсек, белгілі стандартқа сай екендігін айтқан абзал. Демек, мониторинг, менеджмент және маркетинг ұғымдарының осы орайда басты назарда болуы шарт екенін айтқымыз келеді.

2. Аграрлық секторда өндірілген өнімнің экспортқа шығарылуы. Бұл орайда а) өнім сапасы халықаралық қалыптасқан стандартқа сай болуы қажет; ә) айрықша басымдылық отандық өнім өндірушілерге берілуі керек, себебі ол арқылы, біріншіден, қазақстандық кәсіпкерлерді қолдау жүзеге асырылады, екіншіден, нарықтағы өнімнің үлес салмағына шетелдік тауарлар емес, елімізде өндірілген өнімдер көбірек ие болады, яғни импортты ығыстыру үдерісі басталады. Тұтастай алғанда, біз қарастырып отырған Қарағанды облысы өңірінде агроөнеркәсіп кешені саласына жататын тұрғыда бірталай оң істердің атқарылғанын көру қиын емес. Біз бұл жерде бүкіл сала бойынша (мал шаруашылығы, құс шаруашылығы т.б.) әңгіме қозғап отырған жоқпыз, тек астық шаруашылығына ғана қатысты мәселені қозғап отырмыз. Жоғарыда біз келтірген деректердің өзінен-ақ аталмыш саланың өсіп, өркендеу, даму үдерісін бастан кешіп отырғанын байқаймыз.

Осы тұста бірер мәселеге тоқталу керек. Біріншіден, кеңестік заманның өзінде ауыл шаруашылығы үкіметтен дотация (қаржылай жәрдем) ала отырып дамыған. Қазіргі жағдайда да атқарушы органдар тарапынан бұл салаға көмек көрсетіліп келеді. Нарықтық жағдайдың әлемдік тәжірибесіне зер салсақ, бөлінген қаржының қайтарымы болатыны мәлім. Демек, алдағы уақытта

мемлекет қаржысынан гөрі, өз әлеуетіне сүйеніп қызмет істеу — аграрлық сала қызметкерлерінің басты міндеті.

Екіншіден, экономиканың басқа салалары сияқты аграрлық салаға да тығыз байланыс тетіктерін қолға алу қажет. Өңірдегі «Қазақмыс» корпорациясы, «АрселорМиттал Теміртау», «Шұбаркөл» т.б. ірі өндіріс орындарымен келісім-шарт жасау арқылы ақша-тауар бірлігін молынан жолға қоюға болады. Яғни аграрлық сектор тікелей келісім-шарт бойынша өнеркәсіп кешені жұмысшыларын сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырады, ал, өндіріс орындары шартқа сәйкес техникалық жарықтандыру т.б. мәселелерді аграрлық сектор үшін ұтымды түрде шешіп бере алады. Осынау алып кәсіпорындарда ауыл шаруашылығы техникасын, қосалқы бөлшектерді жасап шығаруға арналған оңтайлы шағын цехтар ашылса, екі жаққа да тиімді оң нәтижелер өмірге келетіні анық.

Үшіншіден, бүгінгі таңдағы аграрлық секторда қол жеткізген жетістіктерді сөз етсек, олардың түп негізі саланы индустриялы-инновациялық технология тәсілімен дамыту ісімен тығыз байланысты екендігін көреміз. Индустриялы-инновациялық тұрғыдан экономиканы дамытуға жататындар: заманауи техникамен қамтамасыз ету, қаржы көздерін оңтайлы шешу; озық тәжірибені меңгеру, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру.

Бұл орайда ел экономикасын үдемелі индустриялы-инновациялық даму жолымен өркендету бойынша өңірде инвестициялық жобалар әзірленгенін айту керек. Еліміздің индустрияландыру картасына Қарағанды облысынан агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін құны 13 млрд теңгені құрайтын 6 инвестициялық жоба енген. Олардың ішінен егін шаруашылығына тікелей қатысты Қарағанды қаласында орналасқан «Номад» ЖШС астықты тереңдетіп қайта өңдеуді ұйымдастыру жобасын, тағы да осы облыс орталығында «КазАвиаСпектр» ЖШС Қазақстан Республикасында мамандандырылған ауыл шаруашылығы тікұшақтарының сериялық өндірісін ұйымдастыру жобасын айрықша атау қажет. Егер аталмыш инвестициялық жобалар, негізінен, 2011–2012 жылдар аясында жүзеге асатын болса, 2020 жылға дейінгі бағдарламаға бір ғана егін шаруашылығын дамытуға ірі жобаларды енгізу жоспарланған. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, техникалық жарықтандыру, аграрлық сектордың машина-трактор парктерін жаңарту жобалары өңірдің ғана емес, еліміздің ішкі нарығындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қандай елдің болса да, экономикалық даму көрсеткіші сол ел халқының әлеуметтік хал-жағдайы деңгейінің өсуімен тығыз байланысты болып келеді. Бұқара халықтың әлеуметтік жағынан қорғалуы, негізінен, елде жұмыссыздық, инфляция орын алған тұста жүзеге аспайды. Демек, халық әлауқатының өре-деңгейі неғұрлым жоғары болуы үшін жұмыссыздықпен күресу қажет. Тек сонда ғана еңбек етуші тұлға аз күнін өзі көріп, мемлекетке масыл болмайды, екіншіден, еткен еңбегінің нәтижесінде салық төлейді. Яғни, бюджет қомақтылығы жұмыс орнының үлес салмағына тікелей тәуелді.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы дағдарыс, жаппай жекешелендіру науқанында жіберілген кемшіліктерден республиканың басқа аймақтары сияқты Қарағанды облысы да тек соңғы жылдары ғана арыла бастады. Егер кеңестік дәуірдегідей ауыл шаруашылығына қуатты қолдау нарық жағдайында тура сондай ауқымда болуы мүмкін еместігін ескерсек, кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес құрылымдарының мықты заңдық нормаларын жасап, жүзеге асырудың маңызы зор. Ауыл шаруашылығында астық өндіруші кәсіпкерлік құрылым, біздің ойымызша, міндетті түрде өз өнімінен пайда табуы қажет, ол — нарық талабы. Яғни осы тұста кәсіпкерге тиімді болуы үшін мықты бизнестік жүйе қажет, біріншіден, отандық кәсіпкер екі түрлі ұтымды да басымдылығы мол мәселені ескергені жөн: а) өз өнімінен ішкі рынок қажеттілігін қамтамасыз етуі; ә) өнімін экспортқа шығаруы. Шаруашылыққа таза пайда келтіруі үшін кәсіпкер өз өнімін экспортқа шығарғаны әлдеқайда пайдалы. Оған бұл тарапта тиісті жәрдем тек ішкі рынок сұранысын қанағаттандырғанда ғана көрсетілгені орынды. Себебі, ауыл шаруашылығы саласында ауа райының қолайсыздығы, қуаңшылық немесе жауын-шашынның тым көп болуынан астық егу және жинауда болатын кедергілер т.б. жайттарда кәсіпкерлік құрылымға тек қана өз еліндегі атқарушы органдар ғана көмектесіп, қолдау көрсетеді. Олай болса, бәрінен бұрын, ішкі рынокты өнімімен қамтамасыз еткен кәсіпкер қауымы өз тауарымен экспорттық байланысқа шығуы үшін мықты тетіктер болғаны жөн: а) астықтың әлемдік рыноктағы бағасы басты назарда болуы қажет. Яғни бұрынғы бағамен өнімді сату тиімсіз болып табылады; ә) өнім өндіруші өз өнімін тиімді бағаға сатуы үшін ол өзі байланыс жасайтын шетелдік тұтынушымен тікелей келісім-шартқа отырғаны абзал. Республикада астық өнімдерін мемлекет сатып алады және оны экспорттайтын да мемлекеттің өзі. Әрине, бұл жағдай кәсіпкерді түрлі әбігерден құтылтатыны анық. Алайда кәсіпкер тұтынушымен тікелей өзі байланыста

болса, өнімі әлемдік рыноктағы бағаға сай әлдеқайда қымбат болуы мүмкін, ал, мол ақша тапқан кәсіпкер салықты да қомақты түрде мемлекеттік құрылымдар да бұл істен тиімділікті сезінер еді.

Ауылдық жерде жағдайдың кезінде өте ауыр болғаны анық. Совхоздардың таратылуы, кәсіптің жоқтығы, сондықтан да жастардың қалаға қоныс аударуы т.б. келеңсіз жайттар, негізінен енді-енді ғана сауығып келе жатыр. Демек, ауылдық жерлерде еңбек етіп, кәсіпкерлікпен айналысатын, пайда табуға талпынатын жандар үшін мүмкіндік мол. Осы тұста кәсіпкерлікпен айналыспақшы адамдар үшін оңтайландырылған әрі бірыңғай қаржы-несие жүйесін жасап, оны үнемі ғылыми тәжірибеге сәйкес жетілдіріп отырған абзал. Атап айтқанда, кәсіпкер өз жұмысын бастауы үшін тиісті қаржы алуы керек, ол қаржыны тиімді түрде игеруі керек, белгілі бір уақытқа дейін алынған қаржыны үстеммен банкке қайтаруы қажет. Міне, осы тұста біздің қолымыздағы деректерге сүйенсек, несие алуда кәсіппен айналысатын жанның түрлі бюрократтық кедергілерге жолығып, күдер үзетін жайттары байқалады. Сонымен қатар, қандай өнім өндіруші кәсіпкер болсын, табиғат жағдайына тәуелділіктен әлі де болса құтылмағаны анық. Сондықтан да ол қуаңшылық т.б. жайттардың әсерінен мол өнімге қол жеткізе алмаған кезінде несиені өтеу мерзімін ұзарту мәселесі заңдастырылса, дұрыс болар еді. Және бір жайт, күні кешегі уақытта мемлекет тарапынан бөлінген қаржылық қолдаумен ғана дамыған аграрлық сала бүгінгі нарық жағдайында қайтарылуы тиіс қаржының төменгі ставкасына ие болса, бұл саланың өз уақыт ішінде-ақ өркендеп, қуатты құрылымға айналатыны анық.

Аграрлық секторды заманауи талапқа сай жоғарғы қарқынмен дамытудың барысында кездесетін және бір қиындық бар, ол — жанар-жағар май өнімдері. Әрине, оны арзан бағамен ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне сат деу қиын, себебі ол сала нарық жағдайында еңбек етуде. Нарық тек қана қаржы жүйесіне, ақша-тауар бірлігіне негізделеді. Алайда кәсіпкер өз қызметінде ішкі және сыртқы рынок сұраныстарын мықтап ескеретін болса, жанар-жағар май жүйесінің иелері де осы жайтты ескеруі қажет деген ойдамыз. Яғни олар да өз қызметін екі бағытта жүргізгені тиімді. Біріншісі — жанар-жағар май өнімдерімен елдің ішкі рыногындағы сұранысты қанағаттандыру, екіншісі — өнімді экспортқа шығару. Әрине, жанар-жағар май иелері үшін өнімінің экспортқа шығарылғаны пайда жағынан өте тиімді. Алайда осы тұста мемлекет тарапынан үйлестіру, реттеу жұмысы қажет. Ол жұмыс жанар-жағар май сатушылардың, ең алдымен, ішкі рынок сұранысын өтеуіне бағытталуы керек, себебі олар да отандық кәсіпкерлерге жатады. Егер бір қиындыққа ұшыраса, жәрдем беретін де мемлекет. Осыдан біраз уақыт бұрын әлемдегі экономикалық-қаржылық дағдарыс тұсында еліміздегі біраз банктердің жүйесі әлсіреп, қиындыққа кезіккені мәлім. Оларды сол тұста банкрот болудан аман алып қалған да мемлекет бюджетінің қаржысы болатын. Міне, осы мәселе де жан-жақты ойластыруды қажет етеді.

Ақиқатын айтсақ, еліміздің басқа өңірлері сияқты Қарағанды облысында да агроөнеркәсіп кешені бойынша қордаланып қалған проблемалардың бар екенін жасыруға болмайды. Олардың қатарына жататындар:

– ауыл шаруашылығы техникасының отандық өндіріс орындарында жасалмауы. Егер бұл іс дұрыс шешімін тапса, әрі арзан, әрі ықшам, әрі үнемді техника түрлерін бүгінгі ТМД елдерінің біразына сатып, пайда табуға болар еді. Және, бәрінен бұрын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін отандық кәсіпкер, фермерлер үшін тиімді болар еді;

– қаржы-несие жүйесінде маңызды рөл атқаратын несие беруші мен кәсіпкер арасында тиімді келісім-шарт жасаудың ұтымды тетіктерін жетілдіру жолдарын қарастыру қажет;

– ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушінің тұтынушымен тікелей байланысқа шыға алатын инфрақұрылым жүйелерін әлемдік ғылыми тәжірибеге сүйене отырып, жасаған абзал;

– шалғайда орналасқан ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші кәсіпкердің техника түрлерімен жарактану мәселесін шешумен бірге, көшпелі, шағын техникалық шеберханалар жүйесін мықтап қолға алған орынды;

– егер өнеркәсіп, өндіріске қажетті шикізат, пайдалы қазбалар қоры жөнінен еліміздің әлемге танымал ірі мемлекет екенін, ресурстары мол ел екенін ескерсек, КСРО кезіндегі тек шикізат өткізуші ел болып қалғанымызды ескеріп, бүкіл экономикада өңдеуші, өндіруші кәсіпорындарды өркендетуіміз қажет.

Айталық, шикі мұнайды шетелге сатқаннан түсетін табыс сол мұнайдан жасалатын өнім түрлерін өзімізде жасап, сатқаннан әлдеқайда кем болар еді. Демек, бұл жайт ауыл шаруашылығы өнімдеріне қатысты айтар болсақ, мал өнімдерін, атап айтқанда, етті, сүтті, жүнді қайта өңдеу әлдеқайда мол табыс әкелетіні мәлім. Біз бұл орайда елімізде, оның ішінде Қарағанды облысында ілгерілеушілік бар екенін айтуға тиіспіз, алайда бұл істің кемшіндеу екенін де жасыруға болмайды.

Бір ғана астық шаруашылығын алайық. Бидай т.б. өнімдерді қайта өңдеуден өткізсе, ол ішкі рыноктағы сұранысты да, экспорт саласындағы қажеттілікті де қанағаттандырады еді, әрі үлкен кіріс көзіне айналады еді.

Қарағанды облысы бойынша халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін осыдан екі-үш жыл бұрын көрші республикалардан өнім әкелу ісі жүзеге асырылған еді. Алайда халықтың қалтасындағы қаржыға бәлендей салмақ түсірмесе де, бұл шараның атқарушы органдар үшін бірталай қаржы жұмсауына алып келді. Демек, осы тұста нарық жағдайын қатаң ескере отырып, қаржыны қыс айында да өнім беретін көкөніс үшін жылыжайлар салуға жұмсаған орынды дегіміз келеді. Облыста ондай жылыжайлар бар, бірақ жеткіліксіз. Егер қаржы көзі қарастырылса, облыс қалалары маңында бұл істі жүзеге асыруға болар еді. Тіпті экономикалық пайда табу үшін облыс халқына қажетті өнім түрлерін өндірумен қатар, көрші облыстарға да өткізуге болар еді. Сонымен қатар қосымша жұмыс орындары ашылған болар еді, өнімді мол өндіре отырып, бәсекеге қабілетті шағын және орта кәсіпкерлік жүйесін дамытуға алғышарттар жасауға болар еді. Бұл ойымызға республика өңірлері бойынша ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының әр қилы болып келуі дәлел бола алады. Астықты мол өсіретін облыстар үшін нан бағасын өсірмей ұстау қиын емес, ал, көкөніс бағасы оңтүстік облыстарда мүлдем арзан. Демек, тұтынушы мен өнім өндіруші арасындағы байланыстың, өндіру мен сатудың екі жаққа да тиімді тетіктерін қамтитын, жан-жақты ойластырылған, ғылыми тәжірибені ескерген кешенді бағдарлама қажет екенін айтқымыз келеді.

2011 жылдың тек тоғыз айы ішінде ғана ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі Қарағанды облысы бойынша 82 млрд теңге шамасын құраған, бұл 2010 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,6 %-ға артық. Аудандар көлемінде қомақты қаржыны Бұқаржырау (12025,3 млн теңге), Шет (10532,8 млн теңге), Қарқаралы (8563,9 млн теңге), Нұра (8563,1 млн теңге) аудандары құраған. Бір қуантарлығы, Облыстық статистика басқармасының мәліметтері бойынша, аграрлық сала өнімі өндірісінің өсуі барлық аудандар мен Балқаш, Сәтбаев, Теміртау, Саран қалаларында байқалған. Бұл жайт өз кезегінде аграрлық саладағы оң өзгерістердің индустриялы-инновациялық даму технологиясына сай жұмыс істей бастағанына дәлел бола алады.

Қазақтан экономикасының даму көрсеткішіне халықтың әл-ауқатын жақсарту рейтингінде әлемдегі елу елдің қатарынан орын алуы жатады. Сонымен қатар аса ірі жобаларға инвестиция тарту көрсеткіші де Қазақстанда жоғары болуы оң өзгерістердің кепілі болып отырғанын айғақтаса керек.

Экономиканың басқа саласы сияқты агроөнеркәсіп кешені де ірі жобаларға инвестиция тартуды қажет етеді. Ал, инвестицияға қаржы салатын компаниялар үшін қажетті мәселе — пайда табу. Шетелдік немесе отандық инвестор өз қаржысын экономикасының болашағы бар және саяси тұрақтылығы басым елдерге ғана жұмсайды. Бұл айтылғандардың барлығы да біздің елімізде болғандықтан, республика экономикасының қуатты саласы аграрлық сектордың дамуына ұтымды алғышарттар жасап отырғанын айтуға тиіспіз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Акулов А.А., Гаврилович А.С. Адаптивные технологии производства продукции растениеводства и экономические нормативы их освоения: Монография. — Калуга, 2010.
2. Буздалов И.П., Пошкус Б.И. Аграрный протекционизм: научные основы и механизмы осуществления в условиях рыночных отношений: Монография. — М., 2010.
3. Аграрный сектор и рыночная экономика: Монография / Колл. авторов. — М., 2011.
4. Биоценоз озимых зерновых культур: Монография / Колл. авторов. — СПб., 2011.